

**6D020500 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Акабаева Мадина Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі» (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша) тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент филология ғылымдарының кандидаты, профессор Жиренов Саян Аманжолұлының
ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан</p>	<p>М.О.Акабаеваның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі» (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша) тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған.</p> <p>1) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы);</p> <p>2) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және басқа да мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрсетілген міндеттерді шешуге бағытталған ҚР «Білім туралы заңы»;</p> <p>3) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы).</p> <p>М.О.Акабаеваның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі» (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша) атты тақырыптағы диссертациялық жұмысы 6D020500 – «Филология» білім беру бағдарламасы аясында орындалған.</p>

		Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	<p>Дайындалған диссертациялық жұмыс қазақ тіліндегі балаларға арналған телебағдарламалардағы медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісін көрсетуге, медиамәтіндердің қолданыс өрісін анықтауға, балаларға арналған медиамәтіндердің концептуалдануы мен вербалды ассоциативті репрезенттерін анықтауға бағытталған. Атап айтқанда:</p> <p>1) Қазақ тіліндегі балаларға арналған телебағдарламалардағы медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі алғаш рет нақты нысан ретінде алынып, диссертациялық деңгейде қарастырылған.</p> <p>2) Балаларға арналған медиамәтіндерді лингвокогнитивтік аспектіде зерттеу арқылы тілдік қолданыстағы фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің, ырым-тыйымдардың, салт-дәстүрлердің, рухани құндылықтардың бала дүниетанымына ықпалының лингвистикалық моделінің ғылыми теориялық сипаты көрсетілген. Қазақ тіліндегі балаларға арналған телебағдарламалардағы медиамәтіндерге лингвокогнитивтік талдаулар жасауы, ондағы бағдарламаларды танымдық-ақпараттық, оқу-танымдық, музыкалық ойын-сауық, спорттық ойын-сауық, көркемфильмдер, мультфильмдер деп жанрлық тұрғыдан жіктеу арқылы тілдік талдаулар жасауы жұмыстың ғылыми жаңалығы деп танылады.</p> <p>3) Қазақ тіліндегі медиамәтіндердегі балаларға арналған телебағдарламалардың жасалуы мен тілдік ортасының (көрермені) жас мөлшеріне қатысты тілдік ерекшеліктері анықталып, ондағы тілдік бірліктердің қолданыс өрісі, семантикалық мазмұны, психологиялық, әлеуметтік сипаты жан-жақты қарастырылған.</p> <p>4) Зерттеу жұмысында балаларға арналған медиамәтіндердің басты ерекшелігі ретінде, медиалық, мультимодальдік, аксиологиялық, фасцинация, прагматикалық, интерактивтілік, интерпретациялық сипаттары сараланып, оларға теориялық және практикалық талдаулар жасауы жұмыстың жаңашылдық сипатын көрсетеді.</p> <p>5) Зерттеудің ғылыми жаңалықтары лингвокогнитология,</p>

			<p>медиалингвистика, лингвомәдениеттану, психолінгвистика, этнолингвистикалық бағыттағы мәселелерді қатар қамтуының нәтижесінде жүзеге асқан. Сондықтан диссертациялық жұмыс кең салалы, іргелі зерттеулерге негізделген антропоэзектік бағыттағы салаларды жетілдіруге, соның ішінде бала тілін зерттеуге, балалардың сөз қолданыстары мен олардың лексикалық минимумдарын анықтауға, балалар дискурсындағы тілдік ерекшеліктерді анықтауға елеулі үлес қосады.</p> <p>Сонымен диссертациялық жұмыстан алынған нәтижелерде анықталған ғылыми қорытындылар бала тілін зерттеуде аса маңызды деп санаймыз. Осы ретте диссертанттың жұмысы зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарға сәйкес келеді және диссертациядағы ғылыми нәтижелер толыққанды алынған, практикалық тұрғыдан қажетті ғылыми әдістерді қолдану арқылы дәлелденген. Зерттеудің жетекші идеясы мен болжамы диссертацияда толық дәлелденген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	<p>Диссертанттың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары, тақырыпты толығымен игерген, академиялық жазу мен ғылыми стилді меңгерген, логикалық ой қайшылығы жоқ, өзіндік сыни пікірі дәлелді, ғылыми тілі орныққан. Диссертанттың өзі жазу деңгейінің жоғарылығы балаларға арналған медиамәтіндердегі көнерген сөздердің қолданысын анықтауы, телемәтіндердегі мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, жұмбақтар мен жаңылтпаштардың мазмұны мен қолданыс өрісін көрсетуі, кірме сөздердің мағыналық мәні мен ерекшеліктерін сипаттауы, бейвербалды амалдардың тілдік сипатының түсіндірілуі, агграматизмдердің бала тіліне тән екендігі, балаларға арналған медиамәтіндердегі терминдердің қолданысы, балалардың жас ерекшелігіне байланысты сөйлем конструкциясының ерекшеліктері туралы жасаған лингвистикалық талдаулары тілдік материалдар арқылы дәйектелген. Автордың зерттеуге қажетті маңызды мәселесі ғылыми тұрғыдан айқындалған, тілдік мәселелерді шешудегі әдіс-тәсілдері дұрыс таңдалған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Диссертацияның өзектілік негіздемесі балаларға арналған телебағдарламалар мәтіндері антропоэзектік парадигма аясында зерделеніп, қазақ тіліндегі медиамәтіндердің жанрлары мен қолданыс өрісін, оқырмандардың (көрермендер) әлеуметтік топтарын, медиамәтіндердің лингвистикалық негіздерін, балаларға арналған мәтіндердің концептуалдық кеңістігін, жалпы бала дүниетанымын тануға мүмкіндік беретін ғылыми</p>

			<p>теориялық және тілдік практикалық материалдар арқылы негізделген. Сонымен қатар медиамәтіндерді лингвистикалық аспектіде зерттеудің ерекшеліктері, медиамәтіндердің салалық, жанрлық, әлеуметтік топтарына қатысты мәселелерді интерпретациялау арқылы, олардың типологиясы мен категорияларына жіктемелер жасауы, балаларға арналған медиамәтіндердің жанрлық түрлері мен олардың бала жасына сәйкес топтастырулары, балаларға арналған телебағдарламалар мәтіндерінің тілдік репрезентациясы, медиамәтіндердегі жиі қолданыстағы «Балалық шақ», «Туған жер», «Достық» концептілерінің бала дүниетанымындағы когнитивтік ассоциациясы, метафоралық моделденуі мен вербалдануы ғылыми базалық тұрғыдан толықтай негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыпқа сай және оны толықтай айқындайды. Зерттеу жұмысында көзделген мақсат-міндеттерге байланысты материалдар екі тарауға бөлініп берілген. Бірінші тарауда медиалингвистиканың тіл біліміндегі зерттелуі, масс медианың қоғамдық өмірдегі маңызы, медиамәтіндердің жанрлары мен қолданыс аясы, медиамәтіндердің интерпретациясы, балаларға арналған медиамәтіндердің мазмұны, құрылымы, түрлері, тілдік ерекшеліктері ғылыми теориялық тұрғыдан айқындалған. Жұмыстың екінші тарауы да диссертация тақырыбының мазмұнына сәйкес жазылған. Балаларға арналған медиамәтіндердің құрылымы, таңдалуы, тақырыптық атаулары, ондағы лексикалық бірліктердің қолданысы мен мағыналық мазмұны қарастырылған. Сондай-ақ балаларға арналған медиамәтіндердің концептуалдық кеңістігіндегі когнитивтік категориялардың бала дүниетанымына ықпал етуі, жасөспірімдердің когнитивтік санасындағы концептілік бірліктердің вербалдануы, балаларға арналған бағдарлама мәтіндерінің түзілуі мен қолданысына тән тілдік ерекшеліктерді көрсеткен. Қорытындылай келгенде, диссертация мазмұны тақырыптың атауын толық аша алады.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу жұмысының тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Атап айтқанда: диссертант қазақ тіліндегі балаларға арналған телебағдарлама мәтіндерінің 2010-2024 жылдар аралығындағы қолданысына сараптама жасау арқылы 600 тілдік бірлікке талдау жасап, телебағдарламалардағы материалдарды зерттеу нысанына сәйкес дереккөз ретінде пайдаланған. Зерттеу мақсатына сәйкес</p>

			<p>медиалингвистиканың когнитивтік аспектідегі зерттелуі мен медиамәтіндердің әлеуметтік сипаты, мәдени ықпалы, тұтынушыға (балаларға) әсер етудегі медиатехнологиялардағы лингвистикалық негізі қарастырылған. Тіл біліміндегі медиалингвистиканың дербес ғылым саласы ретіндегі қалыптасуының теориялық мәселелерін қарастыру арқылы олардың 7 түрлі зерттеу бағытының орныққандығын көрсеткен (16-17 бб.). Балаларға арналған телебағдарламалардағы медиамәтіндер аудиторияның ерекшелігіне қарай адресаттың когнитивтік қатынасы, мәтіннің идеялық бағыты, мәтіндегі ақпараттарды жеткізудегі лингвистикалық және экстралингвистикалық тәсілдерді көрсеткен. Зерттеушінің мақсатына сәйкес жасалған әрбір міндеттері (7 б.) жұмыстың өн бойында анық көрініп, ғылыми тұжырымдары мен жаңалығынан айқын беріледі. Диссертанттың алға қойған міндеттері диссертацияда өз шешімін тапқан және мақсаты орындалған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Диссертанттың зерттеу жұмысында аталған бөлімдердің мазмұнындағы логикалық байланыс сақталған, ой жүлгесі жүйелі түрде берілген. Сондай-ақ жалпы жасаған тұжырымдары, тараушалар бойынша жасаған қорытындылары, әрбір практикалық талдаулары да салмақты болып табылады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автордың қорғауға ұсынып отырған диссертациясындағы қағидаттар мен әдістер, ғылыми шешімдер ізденуші тарапынан сыни талданған, бұрыннан белгілі шешімдермен өзара салыстырылған. Автор ұсынған жаңа шешімдер:</p> <p>1. Медиамәтіндерді зерттеу барысында олардың лингвостилистикалық, лингвомедиалық негізгі ерекшеліктері мен пәнаралық қатынастарына теориялық талдаулар жүргізген;</p> <p>2. Медиамәтін – медиадискурстың нәтижесінде өндірістік сипат алатындығын теориялық және практикалық талдаулар арқылы көрсеткен;</p> <p>3. Медиамәтін түрлерінің медиалық таралу әдісіне қарай 7 түрге, жасалу әдісіне қарай 3 түрге, пәні мен қызмет түріне қарай 6 топқа, стилі мен тақырыбы бойынша 4 түрге, дискурс бойынша 5 түрге бөлінетіндігін классификациялауы нәтижесінде оларға сыни талдаулар жүргізген (38-39 бб.);</p>

			<p>4. Балаларға арналған телебағдарлама мәтіндерін мектепке дейінгі (3-7 жас), кіші мектеп жасындағы (7-11 жас), жеткіншек жастағы балаларға арналған (11-15 жас) медиамәтіндердің түрлері мен жанрлық тақырыптарын үш топқа жіктеу арқылы жасаралық (аудиториялық) талдауларды ұтымды жүргізген (40 б.);</p> <p>5. Қазақ тіліндегі балаларға арналған контенттерді телеарналардағы мультфильмдер, телеарналар, интерактивті онлайн платформалардағы мәтіндерді жинақтауы мен олардың жанрлық ерекшеліктеріне қарай классификациялауы жаңа шешім деп санаймыз.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысы бойынша алынған ғылыми нәтижелері мен қағидаттардың жаңалығы қазіргі антропоцентристік парадигма салаларының теориялық және практикалық тұрғыдан толықтырады. Балаларға арналған телебағдарламалардағы медиамәтіндерге лингвокогнитивтік аспектіде зерттеу жүргізуі отандық лингвистикада алғаш рет орындалып отырғандықтан, толығымен жаңа болып саналады. Осы ойымызды нақтылай түссек:</p> <p>1. Балаларға арналған медиамәтіндерге медиалық, мультимодальділік, аксиологиялық, фасцинация, прагматикалық, интерактивтілік, интерпретациялық сипаттарына тілдік талдаулар жасауы жаңа (57-63 бб.);</p> <p>2. Балаларға арналған медиамәтіндердегі көнерген сөздерді, мақал-мәтел, тұрақты тіркес, жұмбақ, жаңылтпаш, кірме сөздерді, бейвербалды амалдарды, агграмматизмдер, термин сөздер, қысқа тізбекті сөйлем құрылымдарының қолданыстарын анықтауы мен оларға жасаған лингвистикалық талдаулары жаңа (64-70 бб.);</p> <p>3. Телебағдарлама мәтіндеріндегі когнитивтік бірліктер саналатын ырым-тыйымдар, тыйым сөздер, жұмбақтар, ұлттық аспаптар, жеті қазына секілді категорияларға талдаулар жасау арқылы дәлелдеулері жаңа;</p> <p>4. Балаларға арналған телебағдарламалардағы фразеологизмдерді арнайы қарастыру арқылы, балалар дүниетанымындағы образды сөздердің танымдық қызметін саралап, оларды бес топқа (Қоршаған орта, табиғат құбылыстары; төрт түлік пен жан-жануарлар атаулары; тілік, бата мәнді бірліктер; эмоцияны білдіретін бірліктер; өлшемдік ұғымды білдіретін бірліктер) топтастыру арқылы мағыналарын ашуы жаңа.</p> <p>5. Медиамәтіндердің концептуалдық кеңістігін айқындаудағы символдардың, мақал-мәтелдердің, «Балалық шақ», «Туған жер», «Достық»</p>

			<p>секілді концептілердің когнитивтік моделдерін айқындауы жаңа;</p> <p>6. Зерттеу нәтижелерін нақтылау мақсатындағы Семей қаласындағы балабақшалар мен бастауыш сынып оқушылары және ата-аналарына жүргізген сауалнамалары мен тестілік анықтаулары, сараптамалық талдаулары жаңа (42-47 бб.).</p> <p>Сонымен диссертанттың зерттеу жұмысындағы нәтижелері мен жасаған ұсыныстары толығымен жаңа, маңызды, когнитивтік лингвистиканың мәселелерін шешуге толығымен әлеуеті жетеді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертант тарапынан жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысы барысында теориялық және практикалық маңызы бар нәтижелер алынған, зерттеу жұмысы бойынша қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Ол қорытындылардың жаңалық деңгейі төмендегідей:</p> <p>Біріншіден, балаларға арналған медиамәтіндерді мазмұндық ерекшеліктеріне қарай топтастырулары жаңа;</p> <p>Екіншіден, балаларға арналған телемәтіндерді шартты түрде жас ерекшеліктері мен мағыналық түрлеріне қарай жіктеулері жаңа;</p> <p>Үшіншіден, балаларға арналған телебағдарламалар мәтіндерінің лингвистикалық табиғатын айқындаудағы: - қысқа қарапайым сөйлем құрылымдарының жиілігі (толымсыз, перцелляцияланған, инверсия); - диалогты қолданыстардың басымдығы; - қарапайым сөздер мен тілдік ерекшеліктердің кездесуі; - мақал-мәтелдер мен жұмбақтардың жиілігі; - бейвербалды қолданыстардың белсенділігі; - ағылшын тілінен енген сөздердің қолданыстарын анықтауы жаңа;</p> <p>Төртіншіден, медиамәтіндердегі балалардың әлем туралы ұлттық-мәдени танымын бейнелейтін «балалық шақ», «туған жер», «достық» концептілерінің метафоралық моделдерінің конуептуалдық кеңістігін рухани құндылық ретінде көрсетіп, нақты медиамәтіндер негізіндегі талдаулар арқылы айқындауы жаңа.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданған техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Ізденушінің алғаш рет балаларға арналған телебағдарламалар мәтіндерін лингвокогнитивтік аспектіде қарастыруы жаңа. Балаларға арналған телебағдарламалардың мәтіндері техникалық және технологиялық тұрғыдан жабдықталған, цифрлық технологияға негізделген тілдік мәтіндер болғандықтан, оларды лингвистикалық аспектіде қарастыру</p>

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	бағытындағы зерттеулері жаңа. Диссертанттың балаларға арналған медиамәтіндердің дискурстық қолданысындағы лингвокогнитивтік механизмдерді анықтауы, балалардың сөйлеу актілеріндегі тілдік ерекшеліктерін анықтап, қазіргі қазақ тіліндегі балаларға арналған телебағдарламалар мен медиамәтіндердің жасөспірімдердің дүниетанымын дамыту мен сөздік қорын байытудағы қызметтеріне ғылыми теориялық талдаулары тілтаным ғылымының дамуына қосқан жаңалығы деп санауға болады. Ізденушінің мақсатты зерттеу мәселесі антропоцентристік парадигма салаларының аясында қарастырылған және басқару шешімдері толығымен жаңа деп айтуға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған барлық негізгі пайымдаулар, тұжырымдар, қорытындылар ғылыми әлеуетімен ерекшеленеді. Зерттеу қорытындылары медиалингвистиканың теориялық тұжырымдарын зерттеу бағытына сай ғылыми әдебиеттердің талдануы негізінде жасалған. Сонымен қатар диссертанттың жасаған тұжырымдары мен қорытындыларын ғылыми интегративтік тұрғыдан дәлелдеуге тырысқан, яғни масс медиа, мәдениеттану, әлеуметтану, филологиялық ғылымдарды өзара үйлесімді ұштастыру арқылы, диссертацияның түпкі мақсатын анықтайтын қорытындыларын ауқымды тілдік дәлелдемелермен негіздеген. Оларға 2010-2024 жылдардағы отандық телеарналардағы «Балапан» телеарнасы (balapan.tv), «TiJi», «Nickelodeon», «Сөзотау» секілді телеарналар мен интерактивті онлайн платформалардың материалдарынан келтірген мәтіндері дискурстық таңдауымен негізделген . Қорғауға ұсынылып отырған диссертация бойынша терең және сапалы зерттеу жүргізілген. Өйткені ізденуші теориялық материалдарды толыққанды талдаған, тұжырымдар жасаған және де практикалық материалдарды дұрыс және мақсатқа сай пайдалана білген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма?	1. Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденген. Себебі зерттеушінің ғылыми теориялық мәселелері мен практикалық мәселелері нақты дереккөзден алынған, ғылыми базасы қалыптасқан, ғылыми дәйектер мен тілдік материалдарды ұтымды пайдаланып дәлелдей алған; 2. Диссертанттың қорғауға ұсынған қағидатты тривиалды емес. Өйткені зерттеу жұмысы бірнеше ғылымдар тоғысындағы жаңаша зерттеу бағыты негізінде таңдалған. 3. Балаларға арналған телебағдарламалар мәтіндеріне лингвокогнитивтік

		<p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жок</p>	<p>аспектіде зерттеу жүргізуінің нәтижесінде алынған тұжырымдары мен қорытындылары, бала дүниетанымын анықтаудағы когнитивтік талдаулары мен бала тілінің ерекшеліктерін көрсетудегі ізденістері жаңа.</p> <p>4. Қазақ тіліндегі балаларға арналған телебағдарламалар мәтіндерін лингвокогнитивтік аспектіде зерттеу жұмысының қолданылу деңгейі кең, себебі үлкен әлеуметтік топты құрайтын институт балалар мен жасөспірімдер болса, соларға арналған медиамәтіндер қоғамдық қатынастар мен тілдің үлкен бір құрамдас бөлігі саналады.</p> <p>5. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарды 6 (алты) мақаласы, халықаралық ғылыми теориялық және практикалық конференцияларда 5 (бес) мақаласы жарияланып, диссертацияда көрініс тапқан.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың мазмұнында нақты сипатталған (12-23 бб., 25-26 бб.). Зерттеу жұмысының әдістемесі тақырып пен жұмыстың мақсат-міндеттеріне сай таңдалған: жинақтау, сұрыптау, салыстыру, сипаттау, қорытындылау сияқты теорияны айқындайтын жүйелік талдау әдістері қолданылады. Сонымен қатар медиамәтіндерінің танымдық мәні мен концептілік жүйесін анықтауда концептуалдық талдау, когнитивтік интерпретация әдісі, метафоралық модельдеу, фреймдік талдау, контент-талдау тәрізді комбинаторлық интегративті әдістерді пайдаланады. Медиамәтіндердегі концептілік жүйе элементтерінің сандық мәліметтерін талдау барысында статистикалық талдау, сауалнама жүргізу сияқты эмпирикалық зерттеу әдістерді де ұтымды қолдана білген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертация мазмұнында: Сурет 1 – Медиамәтіндердің жіктелімі. Сурет 2 – Балаларға арналған телебағдарламалардың тақырыптық-жанрлық түрлері. Сурет 3 – Балаларға арналған медиамәтіндердің басты сипаттары. Сурет 4 – Концепт түрлері. Сурет 5 – Балалық шақ концептісін құруға негіз болатын базалық макроконцептілер. Сурет 5 – Туған жер концептісінің фреймдік құрылымдары арнайы компьютерлік технологияларды қолдану арқылы суретті сызбалар жасалған. Диссертация бойынша орындалған</p>

			жұмыстарының көрсеткіштері арнайы Қосымшаларда А, Ә, Б ұсынылған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия ; 2) жоқ	Диссертант тарапынан жасалған теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар ғылыми зерттеулермен және эмпирикалық зерттеулермен толық дәлелденген және расталған : - медиамәтіндерді антропоцентристік парадигма аясында кешенді зерттеудің алғышарттары жасалып, медиамәтіндердің тілдік сананың қалыптасуына ықпалы, функционалдық ерекшелігі, концептілік жүйесі көрсетілген; - балаларға арналған медиамәтіндердің медиалық (ақпараттық), фасцинация (тартымдылық), мультимодальділік, аксиологиялық, прагматикалық, интегративтілік, интерпретациялық сипаттары көрсетілген; - балаларға арналған медиамәтіндер жас ерекшеліктеріне қарай жанрлық-спецификалық түрлері айқындалған; - балаларға арналған медиамәтіндердің әлемнің медиа бейнесін жасаудағы тілдік танымдық бірліктердің қатысын көрсеткен; - балаларға арналған медиамәтіндердегі «дала», «шаңырақ», «камшы», «балалық шақ», «туған жер», «достық» секілді концептілік бірліктердің ұлттық дүниетанымдағы орны мен метафоралық моделдері, фреймдік құрылымдары айқындалған.
		8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыста көптеген осы зерттеуге дейін жазылған әлемдік және отандық ғылыми әдебиеттерге шолу жасалған, ғылыми мәліметтер теориялық тұрғыдан сарапталған, сілтемелер жасалған және де медиамәтіндердегі тілдік деректерге, медиалингвистикадағы зерттеулердегі дәлелденген материалдарға негізделгендігі, алынған материалдарының сенімді екендігі сілтемелермен расталған .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Диссертациядағы пайдаланылған әдебиеттер саны жеткілікті (138). Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тақырыпқа қатысты таңдалған, барлық әдебиет диссертация мәтінінде көрініс тапқан, сілтемелері берілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен пайымдаулары, зерттеуде әзірленген жалпы теориялық қорытындылар тіл біліміндегі танымдық бағыттағы зерттеулердің теориялық негіздерін нақтылай түсуге үлес қосады. Сондай-ақ медиалингвистикадағы дискурс ұғымының теориялық

			негіздемелерін дамытуға септігін тигізеді. Балалар мен жасөспірімдерге арналған лингвистикалық зерттеулер зерделенеді. Зерттеу жұмысындағы медиамәтіндер балалардың дүниетанымының қалыптасуына, ұлттық болмысының орнығуына қатысты аялық білімдер жүйесін нақтылай түсіп, медиамәтіндер арқылы өскелең ұрпақтың ұлттық болмысының қалыптасуына қатысты теориялық ұстанымдарды айқындауға негіз болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар когнитивтік лингвистиканың теориясына, медиалингвистиканың теориясына және бала тілінің ерекшелігін анықтаудағы лексика-грамматикалық минимумдарды анықтауда өзіндік үлес қосады. Зерттеу материалдарының практикалық маңызы мынада: балаларға қатысты медиамәтіндер мен тілдік материалдарға талдау жұмыстарын ұйымдастыруда, бала дүниетанымына жақын тілдік материалдарды жүйелеуде, мәтін лингвистикасы, мәтін стилистикасы, қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, психолингвистика пәндерін оқытуда, курстық және дипломдық жұмыстар үшін пайдалануға болады. Сонымен қатар зерттеу материалдарын мектепке дейінгі, бастауыш және орта мектептегі тәрбиешілер мен мұғалімдер, әлеуметтік педагогтар, психолог және сынып жетекшілері балалармен жұмыс жасағанда, баланың тұлғалық сипатын беруде пайдалануына әбден болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертанттың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады. Нақтылай түссек: балаларға арналған телебағдарламалар мәтіндерін әзірлеудегі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың ескерілу керектігі; бала дүниетанымына жақын тілдік материалдардың көлемі мен мазмұнының ерекшелігі; медиамәтіндердегі балалар назарын аударатын тілдік материалдардың графикасы мен дизайнын жасаудағы элементтердің сақталуы; телебағдарламалар мен онлайн платформалардағы көрсетілімдердің дыбысталуы мен аудиосын жасаудағы фонологиялық ерекшеліктер; балаларға арналған контенттерді әзірлеуде ескеру қажеттігі туралы ұсыныстары толығымен жаңа болып саналады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертанттың зерттеу жұмысындағы академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Зерттеу жұмысында академиялық жазу сапасының ерекшеліктері мен талаптары толық сақталған. Диссертациядағы теориялық тұжырымдар, алынған ғылыми нәтижелер ішкі тұтастығымен және өзара бірін бірі толықтыруымен сипатталады. Диссертациялық жұмыстың

			<p>орындалуы мен жаңалығы шынайы. Негізделген ғылыми тұжырымдары ғылыми этикаға сай, қорытындының деңгейлері жоғары және практикалық мәні маңызды. Зерттеу жұмысындағы әрбір бөлім бойынша жасалған тұжырымдары дәлелді және келесі бөлімде өз жалғасын тауып отырады. Академиялық жазу сапасының ерекшеліктері нақтылық, объективтілік, қисындылық сипаты толық жүйеленген. Сондай-ақ жалпы қорытындылар мен практикалық ұсыныстар балаларға арналған телебағдарламалар мәтіндері мен медиамәтіндердің лингвистикалық және экстралингвистикалық болмысын анықтауға ұмтылады. Сонымен аталған жетістіктер дайындалған диссертацияның академиялық тұрғыдан жазылу сапасының жоғары екендігін көрсетеді.</p>
--	--	--	---

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.



6D020500 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Акабаева Мадина Отановнаның «Қазақ тіліндегі медиамәтіндердің лингвокогнитивтік аспектісі» (балаларға арналған телебағдарлама мәтіндері бойынша) тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ-нің «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сай келеді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, ұсынылған Акабаева Мадина Отановнаның 6D020500 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

14.06.2024 ж.



С.А.Жиренов